

Педагог-ассистент Ильясова Зоя Тунгушбаевнаның 1- класс оқушысы Тілеш Нурәлимен жасаған жұмысының қорытынды есебі.

Нурәли 01.09.2023 жылдан бастап Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінде оқып жатыр. Нурәлидің психологиялық- педагогикалық консультациясының қорытындысы: Ерекше білім беруді қажет етеді және мінез - құлқының тежелуінің II - III деңгейі, тәртіп қиындығы. Әрекетті, ұйымдастыру қабілеті, бағдарлау кезеңі бар. Бірақ, орташа деңгейде. **Нурәлидің биылғы оқу жылында көрсеткен оқу дағдылары:**

Математика: 1-10 ға дейін (пед.ассис) көмегімен санайды. Бірақ кері санай алады, шатасады. Тақтаға айтқан сандарды жазады, көшіреді. Сандарды қосу, азайту, аз, көп деген түсінігі бар. Геометриялық фигураларды, түстерді жақсы ажыратады.

Ана тілі сабағында дәптерге баспа әріптерімен жазады, буындап оқуға тырысады. Әріптерді таниды, бір буынды және екі буынды сөздерді оқи алады. Сұрақтарға жауап беруге тырысады, көп буынды сөздерді айтуға киналады. Сурет бойынша тілінің келгенінше өзінің түсінгенін айтады.

Әлем туралы білім: әр маусымның сипаттамалық белгілерін, олардың айларын және кейбір мерекелерін атайды. "Кеше", "бүгін", "ертең" ұғымдарын ажыратады, аптаның күндерінің аттарын біледі, сенбі мен жексенбі демалыс күндерін түсінеді. Ол күнді, айды, аптаның күнін бүгін, кеше болған және ертең болатын күнді атай алады. "Бұрын" және "кейін" деген ұғым қалыптаспаған. Жыл мезгілдеріне сәйкес адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін орташа деңгейде түсінеді.

Дене шынықтыру сабағында: мұғалімнің артынан жалпы моториканың қимылдарын қайталайды, оларды әрдайым көңілді, қуана орындайды. Әсіресе, футболды жақсы көріп ойнайды.

Сабақтағы мінез-құлық: партада өз орнына отыру, 2 немесе одан да көп адамнан тұратын топпен жұмыс жасағанда қасындағыларға жанашырлық танытады. Жазу тапсырмаларды ұқыпты, таза орындайды.

Оқушыны еркін іс-әрекетте бақылау. Жаңа пәндерге қызығушылық танытады, оларды қабылдайды, зерттейді және қарастырады. Сурет бояғанды ұнатады. Жылы ересектермен қарым-қатынас, назар аударады оның атын атай отырып, әдетте ересектерге тек өтініштермен жүгінеді, бірдеңе сұрайды немесе сұрақ-жауап ұсыныстарын қояды. Мысалы, үйге қашан баратынын немесе демалыс қашан басталатынын білу үшін. Сабақтан босатылған іс-әрекетте телефондағы бейнені көру үлкен қызығушылық тудырады.

Қалаусыз мінез-құлық: ынтымақтастық пен тапсырмаларды орындауға жеткілікті ынталандырылмаған кезде, сондай-ақ тапсырма ұзақ уақыт назар аударуды және күш салуды қажет еткенде жалығады. Өзіне және басқаларға агрессивті мінез-құлық көрсетпейді. Басқаның тапсырмасын өзі орындағысы келіп, ренжіп қалады.

Нурәлидің тәртібі жақсы. Бірақ көңіл күйі құбылмалы. Жеке бас гигиенасын сақтайды. Ақкөңіл. Тілалғыш. Жұмсаған уақытта жүгіріп, көмектесуге дайын тұрады.

Өзіне - өзі қызмет көрсетуі: Өзі киініп, өзі шешіне алады. Тамақты өзі ішеді. Әжетханаға бара алады.

Мектеп директоры:

Педагог - ассистент:



М.А. Умбеталин

З.Т. Ильясова